

Алматы қаласы
Жол қозғалысы және
жолаушылар көлігін ұйымдастыру
басқармасының
«Алматы паркинг» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнына
кімнен: _____
Пайдаланушының Т.А.Ә.
ЖСН: _____
Байланыс нөмірі: _____

ӨТІНІШ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 30 шілдедегі № 324 шешімімен бекітілген **Жол жүрісі қағидаларымен реттелмеген бөлігінде Алматы қаласында жол қозғалысын ұйымдастыру қағидаларына** сәйкес коммуналдық ақылы автотұрақ кеңістіктерінің тұрақ орындарын пайдаланғаны үшін ақы төлеуден босатуға төменде көрсетілген негіздің болуына байланысты мені **«Парковочная платформа версия 3.1» ЭЕМ-ге арналған бағдарламасына** енгізуіңізді сұраймын:

☐ Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, еңбек ардагерлері;

☐ бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар баланың заңды өкілдері;

☐ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I немесе II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;

☐ Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтар;

☐ электромобиль иелері;

☐ «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 42-1-бабы 4-тармағының үшінші бөлігінде көзделген, көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маяктары қосылған жедел және арнайы қызметтердің көлік құралдары, сондай-ақ аумақтарды жинауға, тазалауға, жасыл желектерді суаруға жұмылдырылған коммуналдық қызметтердің көлік құралдары, су құбырының, электр желілері мен қондырғыларының авариялық қызметтерінің көлік құралдары, ұсталған және пайдалануға тыйым салынған көлік құралдарын жеткізу (эвакуациялау) функцияларын жүзеге асыратын басқарушы ұйымның эвакуаторлары.

Осы өтінішке мыналар қоса беріледі:

1. Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 30 шілдедегі № 324 шешімімен бекітілген Жол жүрісі қағидаларымен реттелмеген бөлігінде Алматы қаласында жол қозғалысын ұйымдастыру қағидаларының 30-тармағына сәйкес коммуналдық ақылы автотұрақ кеңістіктерінің тұрақ орындарын пайдаланғаны үшін ақы төлеуден босатуға негіздің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі;
2. көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (техникалық паспорттың) көшірмесі;
3. мүгедектігі бар баланың заңды өкілдері – ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары, патронат тәрбиешілері және оларды алмастыратын өзге де адамдар заңды өкілдің өкілеттіктерін растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

(Т.А.Ә. толық және қолы)

Өтінішті қарау нәтижесі туралы хабарламаны мына тәсілмен беруді сұраймын:

☐ «eOtinish» сервисі

☐ Қолма-қол беру

Күні «__» _____ 2022 жыл

Өтініш берушінің қолы: _____